

Қазақстан Республикасының Ең алдымен суда жүзетін құстардың тіршілік ету орны ретінде халықаралық мәні бар сулы-батпақты алқаптар туралы конвенцияға (оған 1982 жылғы 3 желтоқсандағы Париж хаттамасымен енгізілген түзетулермен және 1987 жылғы 28 мамырда Режинде енгізілген түзетулермен) қосылуы туралы

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 желтоқсандағы N 94 Заңы

Қазақстан Республикасы Рамсарда 1971 жылғы 2 ақпанда жасалған Ең алдымен суда жүзетін құстардың тіршілік ету орны ретінде халықаралық мәні бар сулы-батпақты алқаптар туралы конвенцияға (оған 1982 жылғы 3 желтоқсандағы Париж хаттамасымен енгізілген түзетулермен және 1987 жылғы 28 мамырда Режинде енгізілген түзетулермен) қосылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

ЕҢ АЛДЫМЕН СУДА ЖҮЗЕТІН ҚҰСТАРДЫҢ ТІРШІЛІК ЕТУ ОРНЫ РЕТІНДЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МӘНІ БАР СУЛЫ-БАТПАҚТЫ АЛҚАПТАР ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯ (2007 жылғы 2 мамырда күшіне енді - ҚР СІМ-нің ресми сайты) Рамсар, 1971 жылғы 2 ақпан

1982 жылғы 3 желтоқсандағы хаттамамен оған енгізілген түзетулерімен

және 1987 жылғы 28 мамырда енгізілген түзетулерімен

Куәландырылған көшірме

Париж

Халықаралық регламенттеу және құқықтық мәселелер жөніндегі бюро директоры

Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі

Біріккен Ұлттар Ұйымы (ЮНЕСКО)

Ең алдымен суда жүзетін құстардың тіршілік ету орны ретінде халықаралық мәні бар сулы-батпақты алқаптар туралы конвенция

Р а м с а р , 1 9 7 1 ж ы л ғ ы 2 а қ п а н

1982 жылғы 3 желтоқсандағы оған Париж хаттамасымен енгізілген түзетулерімен

және 1987 жылғы 28 мамырда Режинде енгізілген түзетулерімен

У а ғ д а л а с у ш ы т а р а п т а р ,

адам және оны қоршаған ортаның өзара байланысын мойындай отырып, су режимін реттеуші ретінде және тиісті флора мен фаунаның, әсіресе суда жүзетін құстардың өмір сүруін қамтамасыз ететін тіршілік ету орны ретінде сулы-батпақты алқаптардың елеулі экологиялық функцияларын ескере отырып, сулы-батпақты алқаптарды жоғалту қалпына келтірілмейтін зор экономикалық, мәдени және рекреациялық мәні бар ресурстарды білдіретініне сене отырып, адамның сулы-батпақты алқаптарға күшейіп келе жатқан шабуылын және оларды осы уақытта және болашақта жоғалтуын тоқтатуға ниет білдіре отырып, суда жүзетін құстар өздерінің маусымдық аууы уақытында мемлекеттік шекараны кесіп өтуі мүмкін екенін және сондықтан, халықаралық ресурс ретінде қаралуы тиістігін мойындай отырып, сулы-алқапты алқаптарды, олардың флорасы мен фаунасын қорғау үйлестірілген халықаралық күш-жігермен көрегенді ұлттық саясаттың ұштастырылуы нәтижесінде қамтамасыз етілетіндігіне сенімді бола отырып, мынаған уағдаласты:

1-бап

1. Осы Конвенцияда сулы-батпақты алқаптар деп батпақтар, фендер, шымтезек жерлері немесе табиғи не жасанды, тұрақты немесе уақытша, тұнып тұрған не ағынды, тұщы, сор немесе тұзды, тереңдігі судың қайтуы кезінде алты метрден аспайтын теңіз айдынын қоса алғанда, сутоғанының аудандары түсініледі.

2. Осы Конвенцияда суда жүзетін құстар деп сулы-батпақты алқаптармен экологиялық жағынан байланыстағы құстар түсініледі.

2-бап

1. Әрбір Уағдаласушы тарап Халықаралық маңызы бар сулы-батпақты алқаптар тізіміне енгізілген және 8-Баппен белгіленген, бұдан әрі Сақтайтын бюро тізімі деп аталатын өз аумағында сулы-батпақты алқаптарға келетіндерді айқындайды. Әрбір сулы-батпақты алқаптардың шекаралары дәл сипатталады және картаға түсіріледі және сулы-батпақты алқаптармен шектесетін өзен жағалаулары мен теңіз аймақтарын әрі аралдар мен сулы-батпақты алқаптардың шегінде орналасқан, әсіресе суда жүзетін құстардың тіршілік ету орны ретінде маңызы бар, судың қайтуы уақытында тереңдігі алты метрден асатын су қоймаларын қамтиды.

2. Тізім үшін Сулы-батпақты алқаптар экология, ботаника, зоология, лимнология немесе гидрология көзқарасынан олардың халықаралық маңызы бар негізде іріктелуі тиіс. Бірінші кезекте Тізімге кез-келген маусымда суда жүзетін құстардың тіршілік ету орны ретінде халықаралық маңызы бар сулы-батпақты алқаптарды енгізу қажет.

3. Сулы-батпақты алқаптарды Тізімге енгізу Уағдаласушы тараптардың, ол қай аумағында орналасса да, айрықша тәуелсіз құқықтарына зиян келтірмейді.

4. Әрбір Уағдаласушы тарап 9-бапқа сәйкес Тізімге енгізу үшін бекіту немесе қосылу туралы осы Конвенцияға қол қою кезінде не құжатты сақтауға тапсыру кезінде кем дегенде бір сулы-батпақты алқапты айқындайды.

5. Кез-келген Уағдаласушы тарап, Тізімге оның аумағында орналасқан қосымша сулы-батпақты алқаптарды қосуға, ол Тізімге енгізген сулы-батпақты алқаптардың шекарасын кеңейтуге немесе көкейтесті мемлекеттік мүдделердің салдарынан Тізімнен сызып тастауға не ол Тізімге енгізген сулы-батпақты алқаптардың шекарасын қысқартуға құқылы және 8-бапта көрсетілгендей кез-келген мұндай өзгерістер туралы тұрақты жұмыс істейтін Бюроның міндеттерін орындауы үшін жауапты мемлекетті немесе Үкіметті жедел хабардар етеді.

6. Әрбір Уағдаласушы тарап Тізім үшін бастапқы тізбені айқындау кезінде және өз аумағында орналасқан және Тізімге енгізілген сулы-батпақты алқаптардың тізбесін өзгертуге өз құқығын пайдалану кезінде келіп-қайтатын суда жүзетін құстардың ресурстарын қорғау, басқару және ұтымды пайдалану үшін өз халықаралық жауапкершілігінің танымын басшылыққа алады.

3-бап

1. Уағдаласушы тараптар өз жоспарлауын Тізімге енгізілген сулы-батпақты алқаптарды қорғауға, сондай-ақ оны мүмкіндігінше, олардың аумағында орналасқан сулы-батпақты алқаптарды орынды пайдалануға жәрдемдесетіндей жолмен айқындайды және жүзеге асырады.

2. Әрбір Уағдаласушы тарап мұндай жағдайды қамтамасыз етеді, бұл ретте, егер, Тізімге енгізілген оның аумағындағы кез-келген жердің экологиялық сипаттамасы техникалық дамудың, ластанудың не адамның қол сұғушылығының басқа да түрлері нәтижесінде өзгерген, өзгертін не өзгеруі мүмкін жағдай сол жерден ақпаратты өз мүмкіндігінше қысқа мерзімде алады. Мұндай өзгерістер туралы ақпарат 8-бапта көрсетілгендей тұрақты жұмыс істейтін Бюроның міндеттерін орындау үшін жауапты ұйымға не Үкіметке кешеуілдетпей беріледі.

4-бап

1. Әрбір Уағдаласушы тарап олардың Тізімге енгізілгеніне немесе енгізілмегеніне қарамастан сулы-батпақты алқаптарда табиғи резерваттарды құру жолымен сулы-батпақты алқаптарды және суда жүзетін құстарды қорғауға жәрдемдеседі және оларға тиісінше қадағалауды қамтамасыз етеді.

2. Уағдаласушы тарап көкейтесті мемлекеттік мүдделерге байланысты жағдайларда, сулы-батпақты алқаптарды Тізімнен шығарады немесе оған енгізілген сулы-батпақты

алқаптардың көлемін қысқартады, ол мүмкіндігінше, осының нәтижесінде сулы-батпақты алқаптардың ресурстарын жоғалтуын өтеуі тиіс; және, атап айтқанда, суда жүзетін құстар үшін қосымша табиғи резерваттарды құруы, сондай-ақ осы аудандағы не басқа жердегі олардың бастапқы тіршілік орны аумағының жеткілікті бөлігін қорғауды қамтамасыз етуі тиіс.

3. Уағдаласушы тараптар сулы-батпақты алқаптарға, олардың флорасы мен фаунасына жататын зерттеулерді және деректермен және жарияланған материалдармен алмасуды ынталандырады.

4. Уағдаласушы тараптар тиісті сулы-батпақты алқаптарды ұтымды пайдалану жолымен суда жүзетін құстардың санын ұлғайтуға тырысады.

5. Уағдаласушы тараптар сулы-батпақты алқаптарды зерттеу, қадағалау және басқару үшін құзыретті мамандарды дайындауға жәрдемдеседі.

5-бап

Уағдаласушы тараптар осы Конвенциядан туындайтын, әсіресе сулы-батпақты алқаптар бір Уағдаласушы тараптан артық аумағында орналасатын немесе су жүйесі бір Уағдаласушы тараптың артық аумағы құрамына енетін жағдайда міндеттемелерді орындау жөнінде бір-бірімен кеңеседі. Сонымен бірге олар сулы-батпақты алқаптарды, олардың флора және фаунасын қорғауға қатысты өзінің қазіргі және болашақтағы саясатын үйлестіруге және жүзеге асыруға тырысады.

6-бап

1. Осымен осы Конвенцияның орындалуын қарау және оған жәрдемдесу мақсатында Уағдаласушы тараптардың Конференциясы құрылады. 8-баптың 1-тармағында айтылатын Бюро Конференция өзге шешім қабылдаған жағдайды қоспағанда, кемінде үш жыл мерзіммен Уағдаласушы тараптар Конференциясының кезекті сессиясын, ал Уағдаласушы тараптардың кем дегенде үштен бірінің жазбаша өтініші бойынша кезектен тыс сессияны шақырады. Уағдаласушы тараптар Конференциясының әрбір кезекті сессиясында келесі кезекті сессияны өткізу уақыты мен орны айқындалады.

2. Уағдаласушы тараптардың Конференциясы:

a) осы Конвенцияның орындалуын талқылауға;

b) Тізімдегі өзгерістер мен толықтыруларды талқылауға;

c) 3-Баптың 2-тармағына сәйкес Тізімге енгізілген, сулы-батпақты алқаптардың экологиялық сипаттағы өзгерістеріне қатысты ақпаратты қарауға;

d) сулы-батпақты алқаптарды, олардың фаунасы мен флорасын қорғауға, басқару мен ұтымды пайдалануға қатысты Уағдаласушы тараптарға жалпы және арнайы нұсқамалар беруге;

е) негізінен халықаралық сипаттағы және сулы-батпақты алқаптарға байланысты есептерді және статистикалық деректерді дайындауға қатысты тиісті халықаралық органдарға өтініш жасауға;

ф) осы Конвенцияны жүзеге асыруға жәрдемдесу мақсатымен басқа нұсқамалар мен қарарлар қабылдауға құзыретті.

3. Уағдаласушы тараптар сулы-батпақты алқаптарды басқару үшін жауапкершілікте болатын барлық деңгейдегілердің, сол сулы-батпақты алқаптарды, олардың флорасы мен фаунасын қорғауға, басқару мен ұтымды пайдалануға қатысты осындай Конференциялардың нұсқамаларынан хабардар болуын және оның ескерілуін қамтамасыз етеді.

4. Уағдаласушы тараптардың Конференциясы өзінің әрбір сессиясы үшін Рәсімнің ережесін бекітеді.

5. Уағдаласушы тараптардың Конференциясы осы Конвенцияның Қаржысы туралы ереженің кезеңдік шолуын қабылдайды және жүзеге асырады. Ол оның кезекті сессиясының соңында Уағдаласушы тараптардың қатысушыларының үштен екі бөлігінің көпшілік дауысымен келесі қаржы кезеңіне бюджетті бекітеді.

6. Әрбір Уағдаласушы тарап Уағдаласушы тараптар Конференциясының кезекті сессиясында Уағдаласушы тараптар қатысушыларының бір ауыздан дауыс беруімен қабылданған жарна шәкіліне сәйкес бюджетке жарна салуды жүзеге асырады.

7-бап

1. Әрбір Уағдаласушы тарап осындай Конференцияларға, өз өкілдерінің қатарына ғылыми, әкімшілік немесе басқа да тиісті салалардан алған өз білімі мен тәжірибесінің арқасында сулы-батпақты алқаптар немесе суда жүзетін құстар жөніндегі сарапшы болып табылатын адамдарды енгізуі қажет.

2. Ұсынылған Уағдаласушы тараптардың әрқайсысы Конференцияда бір дауысқа ие болады және нұсқамаларды, қарарлар мен шешімдерді осы Конвенциямен келісілген ерекше жағдайларды қоспағанда, Уағдаласушы тараптардың қатысушыларының қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады.

8-бап

1. Табиғатты және табиғи ресурстарды қорғау жөніндегі халықаралық одақ әзірге Уағдаласушы тараптар үштен екісінің көпшілік дауысымен басқа ұйымды немесе үкіметті тағайындамаса, осы Конвенциямен салынған тұрақты жұмыс істейтін бюроның міндеттемелерін орындайды.

2. Тұрақты жұмыс істейтін Бюроның міндеттемелері:

(а) 6-Бапта аталған конференцияны шақыруға және ұйымдастыруға жәрдемдесу;

(б) Халықаралық маңызы бар сулы-батпақты алқаптардың тізімін сақтау және

Уағдаласушы тараптардан 2-баптың 5-тармағында көрсетілгендей Тізімге енгізілген сулы-батпақты алқаптарға қатысты кез-келген толықтырулар, кеңейтулер, шығарулар немесе шектеулер туралы ақпаратты алу;

(с) 3-баптың 2-тармағында көрсетілген тізімге енгізілген сулы-батпақты алқаптардың экологиялық сипаты туралы кез келген өзгерістер туралы Уағдаласушы тараптардан ақпарат алу;

(д) оған енгізілген сулы-батпақты алқаптардың сипатындағы өзгерістер немесе Тізімдегі кез-келген өзгерістер туралы Уағдаласушы тараптарды хабарландыру және келесі конференцияда осы мәселелерді талқылауды қамтамасыз ету;

(е) Тізімдегі сулы-батпақты алқаптардың сипатындағы өзгерістерге немесе тізімдегі осындай өзгерістерге қатысты Конференцияның нұсқамаларын тиісті Уағдаласушы тараптардың назарына жеткізу.

9-бап

1. Осы Конвенция уақыты бойынша шектеусіз, қол қою үшін ашық.

2. Біріккен Ұлттар Ұйымының кез-келген мүшесі немесе оның мамандырылған мекемелерінің бірі не Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің қатысушы елі немесе Халықаралық сот мәртебесіндегі мыналар арқылы осы Конвенцияның қатысушысы болуы мүмкін:

(а) бекітуге қатысты ескертусіз қол қою;

(b) бекітуге тиісті, одан кейін бекітілетін қол қою;

(с) қосылу.

3. Бекіту немесе қосылу ЮНЕСКО-ның (бұдан әрі - "Депозитарий" деп аталатын) Бас директорына бекіту немесе қосылу туралы құжаттарды сақтауға тапсыру арқылы қол жеткізіледі.

10-бап

1. Осы Конвенция кемінде жеті мемлекет 9-Баптың 2-тармағына сәйкес осы Конвенцияның қатысушылары болғаннан кейін төрт ай өткен соң күшіне енеді.

2. Осы Конвенция бекіту немесе қосылу туралы құжатты бекітуге немесе сақтауға тапсыруға қатысты ескертусіз қол қойылған күнінен бастап төрт ай өткен соң әрбір Уағдаласушы тарап үшін күшіне енеді.

10-бап bis

1. Осы Конвенцияға түзетулер осы бапқа сәйкес осы мақсатта шақырылған Уағдаласушы тараптардың кеңесіне енгізілуі мүмкін.

2. Кез-келген Уағдаласушы тарап түзетулері бар ұсыныстарды енгізуі мүмкін.

3. Кез келген ұсынылатын түзетулердің мәтіні және оның негіздемесі Конвенция мәтінінде айтылатын, бұдан әрі "Бюро" деп аталатын, тұрақты жұмыс істейтін Бюроның міндеттерін орындайтын ұйымның немесе үкіметтің назарына жеткізіледі. Бюро кідірмей мәтін бойынша өз ескертулерін жіберетін түзетулер туралы хабарламаны Бюродан алу сәтінен бастап үш айдың ішінде барлық Уағдаласушы тараптарға ұсынатын түзетулердің мәтінін хабарлайды. Ескертулерді беру үшін белгіленген мерзім өткен соң Бюро осы күнге берілген барлық ескертулерді Уағдаласушы тараптарға шұғыл түрде хабарлайды.

4. Бюро Уағдаласушы тараптардың үштен бірінің жазбаша өтініші негізінде 3-тармаққа сәйкес түскен түзетулерді қарау үшін Уағдаласушы тараптардың кеңесін шақырады. Бюро осы кеңестің өтетін күні мен орнына қатысты мүдделі тараптармен консултация өткізеді.

5. Түзетулерді Уағдаласушы тараптар қатысушылардың үштен екі бөлігінің көпшілік дауысымен қабылданады.

6. Уағдаласушы тараптар қабылдаған түзету қабылдау туралы актіні Уағдаласушы тараптардың үштен екісі депозитарийді тапсыру күнінен бастап төртінші айдың бірінші күні олар үшін күшіне енеді. Қабылдау туралы актіні Уағдаласушы тараптардың үштен екісін сақтау күнінен кейін қабылдау туралы актіні сақтауға тапсыратын Уағдаласушы тараптар үшін түзету қабылдау туралы оның актісін сақтауға тапсыру күнінен бастап төртінші айдың бірінші күнінде күшіне енеді.

11-бап

1. Осы Конвенция шектеусіз мерзімге жасалады.

2. Кез-келген Уағдаласушы тарап "Депозитарийді" жазбаша хабардар ету арқылы осы Уағдаласушы тарапқа қатысты Конвенция күшіне енген күннен бастап бес жыл өткен соң осы Конвенцияны сақтайды. Сақтау "Депозитарий" хабарламаны алған күннен бастап төрт ай өткеннен соң күшіне енеді.

12-бап

1. "Депозитарий" мүмкіндігінше, осы Конвенцияға қосылған не қол қойған мемлекеттердің бәрін мыналар туралы хабарландырады:

- (a) осы Конвенцияға қол қою;
- (b) осы Конвенцияны бекіту туралы құжаттарды сақтауға тапсыру;
- (c) осы Конвенцияға қосылу туралы құжаттарды сақтауға тапсыру;
- (d) осы Конвенцияның күшіне ену күні;
- (e) осы Конвенцияның күшін жою туралы хабардар ету.

2. Осы Конвенцияның күшіне енуі бойынша "Депозитарий" оны БҰҰ Жарғысының 102-Бабына сәйкес БҰҰ-ның Хатшылығында тіркейді.

Оған тиісті жолмен уәкілеттік берілген, төменде қол қойғандар осы Конвенцияға
қол қойғанымызды КУӘЛАНДЫРАМЫЗ.

"Депозитарийге" сақтауға тапсырылатын, ағылшын, француз, неміс және орыс тілдерінде бір данада 1971 жылдың 2 ақпанында Рамсарда ЖАСАЛҒАН. "Депозитарий" соңғысының куәландырылған көшірмелерін тиісті жолмен барлық Уағдаласушы тараптарға жібереді. Барлық мәтіндер бірдей ұқсас*.

* Хаттаманы қабылдаған Конвенцияның қорытынды бабына сәйкес Депозитарий Уағдаласушы тараптардың екінші Конференциясында мүдделі үкіметтермен консультацияда және Бюроның жәрдемімен дайындалған Конвенцияның араб, испан және қытай тілдеріндегі ресми нұсқаларын ұсынды.

Осы мәтін 1971 жылғы 2 ақпанда Рамсарда жасалған Ең алдымен суда жүзетін құстардың тіршілік ету орны ретінде халықаралық мәні бар сулы-батпақты алқаптар туралы конвенцияға (оған 1982 жылғы 3 желтоқсандағы Париж хаттамасымен енгізілген түзетулермен және 1987 жылғы 28 мамырда Режинде енгізілген түзетулермен) куәландырылған көшірмесімен расталған көшірме болып табылатынын куәландырамын.

Бірінші вице-министр